

## МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ ТӨРАФАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ.....	2
1. СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ 2014 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ .....	3
Ұлттық шоттар статистикасы.....	4
Құрылымдық статистика.....	4
Өндіріс және қоршаған орта статистикасы.....	5
Қызмет көрсету және энергетика статистикасы.....	6
Баға статистикасы .....	7
Әлеуметтік және демографиялық статистика.....	7
Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы .....	9
2. ӘКІМШІЛІК ЕСЕПКЕ АЛУ .....	10
3. КОМИТЕТТІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ӨЗІРЛЕУ, ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ .....	11
4. РЕСМИ СТАТИСТИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ТАРАТУ.....	12
Жарияланымдар.....	12
Статистикалық ақпаратты электронды түрде тарату.....	12
Статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың сенім деңгейі.....	13
5. ТІРКЕЛІМДЕР ЖҮЙЕСІ .....	14
Халықтың статистикалық тіркелімі.....	14
Тұрғын үй қоры тіркелімі.....	14
Статистикалық бизнес тіркелім және статистикалық ауылшаруашылық тіркелімі .....	14
Зерттелетін бірліктердің іріктемелі жиынтығын қалыптастыру.....	15
6. КАДР ӘЛЕУЕТІ .....	15
7. САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ.....	16
8. СТАТИСТИКА САЛАСЫНДА НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ.....	16
9. «ҚАЗСТАТ: ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА ЖҮЙЕСІН НЫҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОБА» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ.....	17
10. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ.....	18
11. ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	19



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ ТӨРАФАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Келген 2015 жылы мемлекеттік статистика органдары өзінің 95 жылдығын атап өтеді. Өзінің бастауын 1920 жылдан бастаған Қазақстанның статистика органдары мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып қалыптасты.

Бүгінде Қазақстанның статистикасы тұрған міндеттерді табысты шешіп, жұртшылықтың сеніміне ие бола отырып, халықаралық стандарттар бойынша нық сеніммен жұмыс істейді.

Сонымен, біз мемлекеттік статистиканың 90 жылдығын мерекелеу қарсаңында барлық процестерді толықтай автоматтандыру мақсатында заманауи ақпараттық технологияларды енгізу жөніндегі жобаның іске асырылуының басталғаны туралы жария еткенбіз. Ал қазір «е-Статистика» ИАЖ компоненттерінің арқасында Комитеттің жұмысы толығымен электронды сүйемелдеумен қамтамасыз етілген. Осы жүйе 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.

Респонденттер үшін ақпараттық технологияларды қолдану бөлігінде «Деректерді он-лайн режимінде жинау» АЖ компонентін атап өту қажет, оған респонденттер өз бағасын берді.

«2014 - Электрондық Үкіметтің бүкіл әлемдік форумында» көрсетілген «Талдау» АТЖ жоғары бағалауға ие болып, әлемнің 79 елінен келген қатысушылардың қызығушылығын тудырды.

Респонденттерге жүктемені төмендету мақсатында үш жыл қатарынан статистикалық есептілік нысандарын қысқарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осылайша, 2012 жылмен салыстырғанда 2014 жылы респонденттерге есептік жүктеме 15%-ға төмендетілді.

Бүгінгі күнге Қазақстанның статистика органдарында бұдан әрі дамудың нақты пайымдары бар. Қазіргі уақытта іске асырылып жатқан «ҚАЗСТАТ» – Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба» осының айқын дәлелі болып табылады.

«ҚАЗСТАТ» жобасын іске асыру статистика құрылымының негізгі элементтерін жақсартуға мүмкіндік береді. 70-тен астам статистикалық әдістеме әзірленеді және жетілдіріледі, статистикалық көрсеткіштерді әзірлеу процестері және сұрақнамалар оңтайландырылады.

## 1. СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ 2014 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Статистикалық жұмыстардың 2014 жылға арналған жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы №1209 қаулысымен бекітілген. Осы Жоспарға сәйкес 2014 жылы 159 жапымемлекеттік және 64 ведомстволық статистикалық нысандар бойынша статистикалық байқаулар жүргізілді және олар бойынша 406 статистикалық жұмыс дайындалды.

Жоспардың бөлімдері	2013		2014	
	нысандар	жұмыстар	нысандар	жұмыстар
Жалпы мемлекеттік статистика	181	387	159	367
Ведомстволық статистика	78	26	64	39
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>259</b>	<b>413</b>	<b>223</b>	<b>406</b>

2014 жылға Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің тапсырмасы, мемлекеттік органдардың ұсыныстары бойынша және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісім бойынша және ұйғарынды ақпараттың есептеулерін жетілдіру мақсатында келесі статистика салалары: әлеуметтік статистика, өнеркәсіп, энергетика, сауда, еңбек және халықты жұмыспен қамту статистикасы бойынша 6 жаңа статистикалық нысан енгізілді.

Респонденттерге есептік жүктемені қысқарту шеңберінде 28 статистикалық нысан алып тасталды.

Статистикалық жұмыстардың тізбесін оңтайландыру нәтижесінде 2013 жылмен салыстырғанда жалпы мемлекеттік статистика бойынша жұмыстар саны 20 бірлікке азайды және 367 жұмысты құрады.

Ведомстволық статистика бойынша статистикалық байқауларды 8 мемлекеттік орган жүргізді. 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда нысандардың саны 14 бірлікке азайды, жұмыстардың саны 13 бірлікке көбейіп, 64 нысан және 39 жұмысты құрады.

2014 жылы 2015 жылға арналған Жоспарды қалыптастыру мақсатында, респонденттерге жүктемені төмендету шеңберінде әлеуетті респонденттердің және мүдделі мемлекеттік органдардың, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерінің қатысуымен жалпы мемлекеттік байқаулардың статистикалық нысандарын талқылау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Нысандардағы сұрақтардың нақты қойылуы, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтар, сонымен қатар статистикалық нысандардың дизайны қарастырылды және талданды. Респонденттер нақты ұсыныстар беріп, олар статистикалық нысандарды қайта қарастыру кезінде есепке алынды.

Осылайша респонденттерге 2015 жылға есептік жүктеме 2014 жылмен салыстырғанда пайдаланушылардың мүдделеріне нұқсан келтірілмей тағы да 3%-ға төмендеді.

Статистикалық жұмыстардың 2015 жылға арналған жоспарының жобасы бекітілгенге дейін 11 орталық мемлекеттік органмен келісілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және 19 жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінен сараптамалық қорытындылар алынды.

Статистикалық жүйені жетілдіру және ұсынылатын статистикалық ақпараттың сапасын жақсарту мақсатында Комитет 2014 жылы 10 әдістемені жетілдірді және 6 жаңа әдістеме әзірленген болатын.

## Ұлттық шоттар статистикасы

Статистикалық жұмыстардың 2014 жылға арналған жоспарына сәйкес ұлттық шоттар статистикасы бойынша 22 жедел ақпарат, 9 баспасөз хабарламасы, 8 бюллетень, 1 жинақ, баяндама бөлімдері дайындалды, халықаралық ұйымдардың (ТМД Статкомитеті, ЕЭК, БҰҰ және басқалар) сұрақнамалары толтырылды.

«Қазақстан Республикасын үдемелі индустриалдық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның көрсеткіштері» статистикалық бюллетені үшін жалпы ішкі өнім, жалпы қосылған құн бойынша деректер тоқсан сайын қалыптастырылды.

2013 жылы құрылған Бақыланбайтын экономиканың есептеулерін жетілдіру бойынша Жұмыс тобының мүшелерімен және халықаралық сарапшымен бірлесіп, заңсыз қызмет түрлері бойынша есептеулер жүргізілді және келесі қызмет түрлерін есептеуге әдіснамалық тәсілдер келісілді:

- заңсыз тауарларды өндіру және тарату (есірткі өндіру және тарату);
- заңсыз қызмет өндірісі (жезекшелік);
- арнайы рұқсаты жоқ өндірушілердің заңды тауарлар мен қызметтерді өндіруі (алкоголь өнімдерін өндіру);
- жалған тауарлар мен шығармашылық түпнұсқалардың авторлық емес көшірмелерін өндіру және сату;
- браконьерлік (заңсыз ағаш кесу; заңсыз аң аулау; заңсыз балық аулау);
- контрабанда.

Комитеттің 2014 жылға арналған Операциялық жоспарына сәйкес «Заңсыз қызмет көлемін бағалау әдістемесі» мен «Бақыланбайтын экономика көлемін бағалау жөніндегі әдістеме» әзірленді және бекітілді. 2013 жылға ЖІӨ көлеміне алғаш рет заңсыз қызмет көлемін бағалау көрсеткіші енгізілді.

Алдын-ала және есепті деректер бойынша есептелген ҰШЖ көрсеткіштері және әртүрлі әдістермен есептелген ҰШЖ көрсеткіштері есептеулері арасындағы айырмашылықты қысқарту мақсатында талдау жүргізілді және жедел-ақпарат дайындалды. Айырмашылықтың ең жоғарғы деңгейі 3,5%-ға дейін төмендетілді.

«ҚАЗСТАТ» жобасы шеңберінде «Ұлттық шоттар статистикасын нығайту» компоненті бойынша 14 іс-шара өткізілді. Мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен «Бақыланбайтын экономика көрсеткіштерін есептеу және әзірлеу» тақырыбына консультациялық қызмет және «Қаржы шотын құруды жетілдіру», «Туризмнің қосалқы шотының әдістемесін қалыптастыруды жетілдіру. Денсаулық сақтаудың қосалқы шотын қалыптастыру» тақырыбы бойынша екі оқыту өткізілді.

## Құрылымдық статистика

Есепті жылы құрылымдық статистиканы жетілдіру бойынша жұмыстар мына бағыттарда жүргізілді.

Халықаралық ынтымақтастық және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл шеңберінде статистикалық құралдарды жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Халықаралық талаптарға сәйкес келетін, қалыптастырылатын ақпараттың сапасын жақсартуға және оны халықаралық деңгейде салыстыруға мүмкіндік беретін статистикалық құралдар әзірленді. Комитет құрылымдық статистика және конъюнктуралық статистика бойынша 14 статистикалық нысанды қайта қарастырды.

Пайдаланушыларды ресми статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылы 29 статистикалық бюллетень, 28 жедел-ақпарат шығарылды, конъюнктуралық статистика бойынша 2 жинақ және 12 баспасөз хабарламасы жарияланды.

2014 жылға «ҚАЗСТАТ» жобасын іске асыру шеңберінде жоспарланған іс-шараларға сәйкес 2 іс-шара жүзеге асырылды.

«Құрылымдық статистиканы дамыту» кіші компоненті бойынша консультациялық миссия және оқу тренингі өткізілді. Өткізілген іс-шаралар барысында халықаралық сарапшылар тарапынан құрылымдық статистика деректері негізінде жалпы қосылған құн, аралық тұтыну және еңбек өнімділігі көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша Германия тәжірибесі ұсынылды.

Есепті жылы оқу тренингтері шеңберінде құрылымдық статистика деректері негізінде Ұлттық шоттар жүйесі (жалпы қосылған құн, аралық тұтыну) үшін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге эксперименталдық есептеулер жүргізілді.

Бұдан басқа Комитет қызметкерлері Еуропалық Кеңестің статистикалық қызметі ұйымдастырған «Кәсіпорындардың құрылымдық статистикасы» тақырыбындағы оқу тренингіне қатысты.

Халықаралық ұсынымдарға және ҚР заңнамасындағы өзгерістерге сәйкес өткен жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметінің негізгі көрсеткіштерін және ШОК секторының республика экономикасына салымын бағалау мақсатында Шағын және орта кәсіпкерлік көрсеткіштерін есептеу әдістемесі жетілдірілген болатын. Әдістеме Ұлттық кәсіпкерлер палатасында келісілуде.

Тоқсан сайын «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама көрсеткіштері» жиынтық статистикалық бюллетені үшін еңбек өнімділігі және басқа да нысаналы индикаторлар бойынша деректер қалыптастырылды.

## Өндіріс және қоршаған орта статистикасы

Өндіріс және қоршаған орта статистикасын қалыптастыру бойынша жұмыстар Комитеттің Операциялық жоспарының іс-шараларына, сондай-ақ Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жүргізілді.

Статистикалық құралдарды жетілдіру шеңберінде халықаралық ұсынымдарға сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және Комитеттің аумақтық органдарының ұсыныстарын ескере отырып, барлық 40 статистикалық нысанды қайта қарау жұмысы жүргізілді.

Комитет 2014 жылға арналған Операциялық жоспарға сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуін ақпараттық қамтамасыз ету үшін қосымша статистикалық көрсеткіштерді енгізу бойынша жұмыстар жүргізді. Атап айтқанда, 2013 жылғы қорытындылар бойынша статистикалық байқаулар шеңберінде ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, инвестициялар және құрылыс статистикасы салалары бойынша жаңа көрсеткіштер қалыптастырылды және Комитеттің Интернет-ресурсында жарияланды:

- шикі сиыр сүтінің тауарлық өндіріс көлемі;
- заттай көріністегі экологиялық таза өнімінің өндірісі;
- жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялар, энергия сақтау технологияларына салынған инвестициялар және энергия тиімділігін арттыру;
- «жасыл» құрылыста жасалған, орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі.

«ҚАЗСТАТ» жобасының шеңберінде өндіріс және қоршаған орта статистикасы салаларын бұдан әрі жетілдіру жұмыстары жалғастырылуда. Атап айтқанда, мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен аумақтық статистика органдарының және АЕО РМК қызметкерлері үшін оқыту тренингтері өткізілді. Келесі тақырыптар бойынша жалпы 76 қызметкер оқытылды:

- 1) «Өнеркәсіп статистикасы көрсеткіштерінің құрамы және мәндерін қалыптастыру және өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексын есептеу»;
- 2) «Энергияның дәстүрлі емес көздерін (жаңғыртылатын, жел және күн энергетикасы) қоса

алғанда энергияның және отынның жаңа түрлерін зерттеу бойынша статистикалық құралды жетілдіру, энергетика статистикасында көрсеткіштерді қалыптастыру».

2014 жылы «Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (тауарлар және қызметтер) статистикалық жіктеуішін» және «Өнеркәсіп өнімінің (тауарлар, қызметтер) статистикалық жіктеуішін» қайта қарау және бекіту жұмыстары жүргізілді.

«Қазақстан Республикасын үдемелі индустриалдық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның көрсеткіштері» жиынтық статистикалық бюллетені үшін нысаналы индикаторлар бойынша деректер тоқсан сайын қалыптастырылды.

Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігі ұсынған тізбе бойынша 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстанды индустрияландыру картасына қосылған 783 инвестициялық жобаны іске асырудың мониторингі ай сайын жүргізілді.

Экология статистикасын дамыту бойынша 2012-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдері үшін БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясы ұсынған 36 негізгі индикатор Комитеттің Интернет-порталында «Мониторингтің экологиялық индикаторлары және қоршаған ортаны бағалау» бөліміне енгізілген және қолжетімді.

## **Қызмет көрсету және энергетика статистикасы**

Пайдаланушыларды ресми статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында Комитет 2014 жылы қызмет көрсету және энергетика статистикасы бойынша 99 статистикалық бюллетень, 12 жедел-ақпарат, 11 статистикалық жинақ, 36 баспасөз хабарламасын жариялады.

КАЗСТАТ жобасын іске асыру шеңберінде «Отын-энергетикалық теңгерімін қалыптастыру және энергетиканың саласын сипаттайтын жекелеген статистикалық көрсеткіштерді есептеу бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірленді және бекітілді. Сонымен қатар, Халықаралық энергетика агенттігінің ұсынымдарын ескере отырып, 2015 жылға отын-энергетикалық теңгерім статистикасы бойынша статистикалық құралдар қайта қарастырылды.

2014 жылы өңіраралық кооперация және отандық нарықтағы электрондық сауданы есепке алу бойынша 2 жаңа статистикалық байқау жүргізілді. Бұл зерттеулер бойынша негізгі индикаторлар экономика салалары дамуының мемлекеттік салалық бағдарламаларының орындалуын мониторингілеу үшін қолданылады.

Бұдан басқа, Қызмет түрлері бойынша өнімдердің мемлекеттік жіктеуішінің жаңа нұсқасының бекітілуіне байланысты қызмет көрсету және ішкі сауда статистикасы бойынша ведомствалық жіктеуіштер қайта қаралды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Еуразиялық экономикалық комиссиясы шеңберіндегі жұмыстарға белсенді атсалысады. Сонымен, статистика саласы мәселелері бойынша ұсыныстар дайындалды, олар Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Еуразиялық экономикалық комиссияның жұмыс регламентінде, т.с. жұмыстарда мақұлданды және ескерілді.

Тұрақты негізде Кеден одағы елдерімен өзара сауда статистикасы деректері сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіледі. Кеден одағы елдерімен өзара сауда статистикасы деректерінің айырмашылығын төмендету бойынша тетіктерді әзірлеу жөніндегі 2014-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары және Кеден одағы елдері арасында өзара іс-қимыл жүзеге асырылады. Өзара сауда статистикасы деректерінің сапасын қамтамасыз ету шаралары 2013 жылға Ресей Федерациясымен экспорт және импорт бойынша деректердің айырмашылығын әлемдік тәжірибедегі мүмкін болатын шекке дейін азайтуға мүмкіндік берді.

## Баға статистикасы

2014 жылы баға статистикасы бойынша 19 статистикалық нысанға қайта қарау және оңтайландыру жүргізілді, олардан 2 нысан айлық кезеңділіктен тоқсандық кезеңділікке ауыстырылды. Алғашқы деректерді жинау жүйесін жақсарту мақсатында тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағаны тіркеу үшін деректерді енгізудің жаңа электронды нысаны мен тұрғын үй нарығындағы бағаны тіркеу үшін құрал әзірленді.

Баға статистикасын дамыту шеңберінде және халықаралық тәжірибе негізінде баға статистикасының көрсеткіштерін құрудың халықаралық тәжірибесін бейімдеу бойынша жұмыстары жүргізілді.

Жылжымайтын мүлік объектілеріне баға индексінің құруды жетілдіру үшін жыл бойы «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер қоры әкімшілік дереккөзінің деректері негізінде тұрғын үй бағасының индекстеріне эксперименталды есептеу жүргізілді.

Ауыл шаруашылығында бағаны байқау үшін базалық кәсіпорындардың іріктемесін қалыптастыру тәсілдерін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ базалық кәсіпорындар деңгейінде салмақтарды қолдана отырып ауыл шаруашылығы өнімі бағасының индексіне эксперименталды есептеу жүзеге асырылды.

Сыртқы сауда бағасын байқауға ету мақсатында нақты мәміле негізінде кәсіпорындардың, өнімдердің іріктемелі жиынтығының алдыңғы кескіні қалыптастырылды.

2014 жылғы деректер бойынша ТМД елдері валюталарының сатып алу қабілеттілігінің паритеті негізінде ЖІӨ халықаралық салғастырудың кезекті раундының іс-шараларын іске асыру 2014 жылы басталды. Жыл ішінде тұтыну және инвестициялық өкіл тауарлардың бағасына байқау жүзеге асырылды. Машиналар мен жабдықтарға ұлттық баға туралы, тұтыну өкіл тауарларына ұлттық орташа баға туралы ақпарат дайындалды.

Астана, Алматы қалаларында, облыс орталықтарында және облыстық деңгейдегі жекелеген қалаларда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның апта сайынғы мониторингі бойынша жұмыс жалғастырылды. Сонымен қоса тұрақтандыру қорларының әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу және өткізу бағасына байқау ай сайынғы негізде жүргізілді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу бойынша іс-шараларды іске асыру аясында баға деңгейі мен индекстік қатарлар бойынша ақпараттық базалар қалыптастырылды.

Тұтыну тауарлары мен қызметтеріне, сондай-ақ өнеркәсіптік өнімдерге, құрылыс ұйымдары сатып алатын құрылыс материалдарына бағаны тіркеудің сапасын және дәйектілігін қамтамасыз ету мақсатында 7 аумақтық статистика департаментінде бақылау іс-шаралары өткізілді.

«ҚАЗСТАТ» жобасы аясында қызметкерлерді оқыту бойынша іс-шараларды іске асыру жалғастырылды, аумақтық статистика департаменттерінің, АЕО РМК қызметкерлері үшін «Бағаларға статистикалық байқау жүргізу: әдіснамалық талаптар, сапаны және алғашқы деректердің дәйектілігін қамтамасыз ету» тақырыбы бойынша біліктілігін арттыру семинары өткізілді. Жалпы 39 қызметкер оқытылды.

## Әлеуметтік және демографиялық статистика

Халықаралық міндеттемелерді орындау шеңберінде және БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары жөніндегі конвенциясын ратификациялау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 254 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-

2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының екінші кезеңінің (2014-2015 жылдар)» «Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар тұлғалардың өмір сапасы бойынша іріктемелі зерттеуді ұйымдастыру және өткізу» атты 56-тармағын орындау тұрғысында, Комитет 2014 жылы мамыр-маусым айлары аралығында «Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар тұлғалардың өмір сапасы» іріктемелі зерттеуін өткізді, оның нәтижесі Комитеттің ресми Интернет-ресурсында ұйғарынды кестелер түрінде жарияланатын болады.

2014 жылғы мамырда Комитет, ЮНИСЕФ және ЮНФПА арасында 2015 жылы Қазақстанда 5-раундының МИКО жобасын іске асыруға арналған өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылған. Меморандумға сәйкес Үйлестіру кеңесін және Техникалық кеңесті құру көзделген. Бүгінгі таңда Техникалық кеңестің құрамы бекітілген, оған мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері кірді. 2014 жылғы желтоқсанда Техникалық кеңестің бірінші отырысы өтті, оның негізгі мақсаты зерттеу құралдарын талқылау болып табылды.

2015 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша іріктемелі зерттеу өткізуге дайындық жұмыстары басталды, оның шеңберінде келесі дайындық шаралары жүзеге асырылды:

- 2015 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша іріктемелі зерттеуді ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша жұмыс кеңесі (меморгандар, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдар);

- республиканың 2 өңірінде (Жамбыл облысы және Астана қ.) зерттеу құралдарын алдын ала тестілеу;

- мүдделі мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің және зорлық-зомбылық құрбандарының қатысуымен фокус-топтар;

- зерттеу құралдары Комитеттің бұйрығымен бекітіліп, мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолданған.

2014 жылдың басында гендерлік статистика деректерін таратуды жақсарту жөнінде Азиялық Даму Банкімен бірлескен жоба аяқталды, нәтижесі Комитеттің ресми Интернет-ресурсында «Гендерлік статистика және МДМ көрсеткіштері» бөлімінің дизайны мен құрылымы айтарлықтай жақсартылды, Инфографика форматында графикалық материалдар, пайдалы сілтемелер және пайдаланушылармен кері байланыс үшін «Сіздің сұрағыңыз» функциясы қосылды.

2014 жылға арналған статистикалық жіктеуіштерді, номенклатураларды және анықтамаларды әзірлеу және жүргізу жоспарына сәйкес «Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші» 11-2009 Қазақстан Республикасының Ұлттық жіктеуішіне №5 Өзгерісі бекітілді және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

АХЖ-10 бойынша өлім себептерін кодтау мәселелері бойынша статистикалық деректерді реттеу шеңберінде 2014 жылғы қазанда Комитет қызметкерлері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі ұйымдастырған және Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті, Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы және Кардиология және ішкі аурулар ғылыми зерттеу институтының мамандарынан құрылған жұмыс тобына қатысты. Аталған жұмыс тобының қатысушылары өлім себептерін кодтау бойынша проблемалық мәселелер туындаған еліміздің 8 өңіріне барды.

Өткізілген тексерулер қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік дамудың Бірінші вице-министрі мен Комитет төрағасы арасында тиісті хаттамаға қол қойылды, қазіргі уақытта анықталған мәселелерді жою бойынша аумақтық денсаулық сақтау және статистика органдары бірлесіп жұмыс атқаруда.

«ҚАЗСТАТ» жобасының шеңберінде статистикалық жүйелерді жетілдіру мақсатында «Әлеуметтік және демографиялық статистиканы жетілдіру» кіші компоненті бойынша 11 іс-шара жүзеге асырылды.

Білім беру статистикасы саласындағы іс-шаралар нәтижелері бойынша «ББХСЖ-2011 сыз-



басына сәйкес көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдіснамалық ұсынымдар» әзірленді және бекітілді.

Астаналық Экономикалық Форумның G-Global алаңында «Тұрақты даму мен «жасыл өсім» - деректердің қолда бары және прогресті өлшеудегі үздік есептілік» панельдік сессия шеңберінде халықаралық ұйымдардың қатысуымен «Мыңжылдықтың даму мақсаттары тұрғысынан алғанда гендерлік статистиканың рөлі мен мәні» тақырыбында видео-конференция өткізілді.

Салалық статистика бойынша статистикалық ақпаратты өндірушілер мен пайдаланушылардың өзара іс-қимылы шеңберінде 3 жұмыс кеңесі және 4 фокус-топ өткізілді.

Аумақтық статистика органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін, соның ішінде онлайн режимінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану үшін оқыту семинарлары ұйымдастырылды.

## Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы

Статистикалық жұмыстардың 2014 жылға арналған жоспарына сәйкес еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша 37 байқау ұйымдастырылды және жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша 76 статистикалық бюллетень, 3 салалық жинақ, 65 баспасөз хабарламасы, 22 жедел ақпарат жарияланды.

Комитет 2015 жылға еңбек статистикасы бойынша статистикалық нысандарды және тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша нысандарды оңтайландыру және қайта қарау бойынша жұмыстар жүргізді.

2014 жылы Комитет еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру әдіснамаларын жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыстар шеңберінде: «Еңбек статистикасы бойынша кәсіпорындарға іріктемелі зерттеу өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірледі.

5 әдістемелік ұсыным:

- «Халықтың бейресми жұмыспен қамтылуы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»;

- «Еңбек нарығының негізгі индикаторлары бойынша әдістемелік ұсынымдар»;

- «Үй шаруашылықтарына іріктеме зерттеу жүргізу бойынша интервьюерлерге арналған әдістемелік ұсынымдар»;

- «Еңбек құнының индексін есептеу бойынша әдістемелік ұсынымдар»;

- «Халықтың атаулы ақшалай табыстарын есептеу (бағалау) бойынша әдістемелік ұсынымдар» жетілдірді.

Компьютерленген жеке сұрау жүйесіне (КЖСЖ) көшуге дайындық жүргізу мақсатында тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарына іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде 2014 жыл ішінде статистикалық құралды икемдеу бойынша және зерттеудің бағдарламалық қамтамасыз етілуін әзірлеу және тестілеуге қатысу бойынша кешенді жұмыс жүргізілген. КЖСЖ-ны енгізу респонденттерге түсетін жүктемені азайтуға және алғашқы ақпаратты жинау және енгізу үдерістерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Еңбек статистиктерінің халықаралық 19-конференциясы отырысында қабылданған еңбек қызметі статистикасы, жұмыспен қамту және жұмыс күшін толық қолданбау туралы жаңа Қарарды енгізу шеңберінде Комитет еңбек қызметі статистиканың жаңа халықаралық стандарттарына көшу бойынша жұмыс атқарды.

Есепті жылы тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша 2 жаңа статистикалық көрсеткіш:

- «Үй шаруашылықтарымен экологиялық таза өнімді пайдалану және тұтыну»;

- «Үй шаруашылықтарының қоғамдық топтардың немесе үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне қатысуы» жарияланды.

Деректерді таратуды жетілдіру аясында 7 талдамалық материал әзірленді: «Қазақстан Республикасының ірі және орта кәсіпорындардағы кадрларға 2014 жылға қажеттілік туралы», «ҚР өз бетінше жұмыспен қамтылғандар: 2013 жылдың қорытындысы»; «Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейінің кейбір аспектілері туралы: біржолғы зерттеу қорытындылары»; «Өз бетінше жұмыспен қамтылғандарды реттеу бойынша халықаралық тәжірибе»; «Қазақстан Республикасындағы халықтың табыстары мен тұтынуын мониторингілеу» (2013 жылғы III тоқсан қорытындылары бойынша); «Қазақстан Республикасындағы халықтың тұрмыс деңгейін мониторингілеу» (2014 жылғы I және II тоқсандар бойынша).

## 2. ӘКІМШІЛІК ЕСЕПКЕ АЛУ

Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібі әкімшілік есепке алу нысандарын келісу шеңберінде:

- 1) «Мемлекеттік статистика туралы» ҚР заңымен;
- 2) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды келісу жөніндегі нұсқаулықпен;
- 3) ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 16 тамыздағы № 773 қаулысымен бекітілген НҚА рәсімдеу және келісу қағидаларымен;
- 4) әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережелерімен реттеледі. Әкімшілік дереккөздер әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы актінің жобасын келісуге жолдау кезінде уәкілетті органға мыналарды ұсынады:

- 1) нысандарға титулдық беттің мазмұны;
- 2) нысандарды толтыру жөніндегі түсіндірме;
- 3) нысандардың қолданылуы бойынша ақпарат.

Орталық мемлекеттік органдардың әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарын келісу жөніндегі іс-шаралар тұрақты түрде жүргізіледі.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Комитетке енгізілген 1360 әкімшілік деректер нысанының 790-ы (немесе 58%) келісілді, 570-сі (немесе 42%) қысқартылды.

Сонымен қатар, есепті жыл ішінде Комитет 164 әкімшілік есепке алу нысанын қарап, олар бойынша ескертпенің жоқтығы немесе қайта өңдеуге қайтарылуы туралы хаттар жолдады.

Комитет бұдан бұрын келісілген нысандар бойынша әкімшілік деректерді жинаудың мақсатқа сай болуына талдау жүргізді, нәтижесінде 733 алғашқы есепке алу құжаты алынып тасталған.

Бірлескен бұйрықтарға қол қою арқылы әкімшілік деректердің нысандарын келісу шеңберінде Комитеттің және орталық мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау жұмыстары жалғастырылуда.

Мемлекеттік органдар қалыптастыратын есептілікті және олардың барлық пайдаланушылар үшін қолжетімділігін жүйелеу мақсатында Комитет Мемлекеттік органдарда қалыптастырылатын есептіліктің бірыңғай тізілімі жобасын әзірледі, ол бекітіліп, 2015 жылдың екінші тоқсанында Интернет-ресурста орналастырылатын болады.

Жалпы мемлекеттік органдардың әкімшілік деректерін пайдалану статистикалық ақпараттың шығарылым сапасын айтарлықтай көтеруге, сондай-ақ респонденттердің жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

### 3. КОМИТЕТТІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ӘЗІРЛЕУ, ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

2014 жылы «е-Статистика» ИАЖ-ға өткізілген аттестациялық зерттеудің нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай келетіндігі жөнінде №096.2014.061 аттестаты алынды және

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап «е-Статистика» ИАЖ өнеркәсіптік пайдалануға өнгізілді.

«е-Статистика» ИАЖ Комитеттің функцияларын, сондай-ақ статистикалық деректерді жинау үдерістерін, сақтау, өңдеу және статистикалық ақпараттарды таратуды автоматтандыру үшін іске асырылған.

«е-Статистика» ИАЖ шеңберінде статистикалық үдерістерді автоматтандыратын мына компоненттер жұмыс істейді:

- «Метадеректер» АЖ;
- «Деректерді он-лайн режимде жинау» АЖ;
- «Сыртқы Интернет-портал» АЖ (бұдан әрі – сайт);
- «Талдау» АТЖ;
- «Интеграциялық компонент» АЖ;
- «Ішкі интранет-портал» АЖ;
- «Алғашқы және әкімшілік статистикалық ақпараттарды өңдеу» АЖ;
- «Ауылшаруашылық статистика тіркелімі» АЖ;
- «Бастапқы статистикалық ақпарат қоймасы» АЖ;
- «Агрегатталған көрсеткіштер» деректер қоры;
- «Әкімшілік ақпарат» деректер қоры;
- «Әлеуметтік статистикалық тіркелім» АЖ;
- «Статистикалық бизнес тіркелім» АЖ;
- «Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі» АЖ;
- «Жіктелімдер және стандарттар» АЖ.

«Метадеректер» АЖ «е-Статистика» ИАЖ ішкі компоненттерінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін тұжырымдамалық негіз болып табылады.

«Метадеректер» АЖ статистикада пайдаланылатын кіріс және шығыс көрсеткіштерді құру мен жүргізу үшін, сондай-ақ аталған көрсеткіштердің өлшемдерін (бөлінісін), оларды өңдеу алгоритмдерін сипаттауға арналған.

«Метадеректер» АЖ алғаш рет статистикалық көрсеткіштердің мета-сипаттамаларын, деректерді жинау мен өңдеу, барлық қалыптастырылатын статистикалық көрсеткіштер бойынша статистикалық ақпаратты таратудың әдіснамасын орталықтандыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде мүдделі пайдаланушыларға статистикалық әдіснаманың айқындылығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

«Деректерді он-лайн режимінде жинау» АЖ-і респонденттерге статистикалық нысандарды он-лайн режимде тапсыруға мүмкіндік береді. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша респонденттерден он-лайн режимінде 290 мыңнан аса есеп қабылданды.

Статистикалық нысандарды тапсыру үшін респондентке сайтта өзінің жеке кабинетін тіркеу керек, онда тек статистикалық нысандарды электрондық түрде тапсырып қана қоймай, жолданған есептер бойынша хабарламаны қарау мүмкіндігі бар.

«Талдау» АТЖ статистикалық ақпаратты ұсыну үшін арналған және Комитеттің сайтында қолжетімді. Өткен жылғы 7-8 қазанда Астана қаласында «2014 - Электрондық Үкіметтің бүкіл

әлемдік форумында» «Талдау» АТЖ көрсетіліп, жоғары бағаланды және әлемнің 79 елінен келген қатысушылардың қызығушылығын тудырды.

Сонымен қатар 2014 жылы Комитеттің сайты халықаралық сарапшылардың ұсынымдарына сәйкес сайттың дизайны және статистикалық ақпаратты ұсыну форматы бөлігінде жаңғырылды.

2014 жылы «е-Статистика» ИАЖ ҚР ҰЭМ Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің «Мемлекеттік жер кадастры» автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің «Шығыс Қазақстан облысы әкімінің ахуалдық орталығы» ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы іске асырылды. Қорытындылай келгенде қазіргі уақытта «е-Статистика» ИАЖ басқа мемлекеттік органдардың 20 ақпараттық жүйесімен интеграцияланған.

## 4. РЕСМИ СТАТИСТИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ТАРАТУ

### Жарияланымдар

Статистикалық жарияланымдарды қалыптастыру және тарату Комитет қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Статистикалық жұмыстардың 2014 жылға арналған жоспарына сәйкес Комитет статистикалық жарияланымдардың 50 атауын (көзеңділік есебінсіз), сондай-ақ буклеттердің 12 атауын қалыптастырды. Барлық статистикалық жарияланымдардың электрондық нұсқалары Комитеттің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсында қолжетімді.

Барлық статистикалық жарияланымдар қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Ақпаратпен халықаралық алмасу мақсатында жарияланымдардың бір бөлігі ағылшын тілінде шығарылады.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, статистикалық жарияланымдардың құрылымы мен мазмұнын жетілдіру, полиграфиялық орындалуының дизайны мен сапасын жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіліп келеді.

### Статистикалық ақпаратты электронды түрде тарату

Комитет қалыптастыратын барлық статистикалық ақпарат Статистикалық жұмыс жоспарымен көзделген көлемде Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес Комитеттің ресми Интернет-ресурсының «Ресми статистикалық ақпарат» бөлімінде барлық пайдаланушылар үшін қолжетімді.

Бұдан басқа пайдаланушыларға қолайлылық болу үшін басты бетте «Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер серпіні» бөлімінде 1991 жылдан бастап негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің серпіні бойынша статистикалық ақпарат қолжетімді.

Комитеттің жаңалықтары мен баспасөз хабарламалары басты бетте және «Баспасөз қызметі» айдарында, сондай-ақ «Баспасөз қызметі» айдарында баспасөз хабарламалары жоспарлары, жаңалықтар мен баспасөз хабарламаларының мұрағаты, іс-шаралар шолуы, брифинг материалдары және Комитеттің баспасөз қызметінің байланыс деректері орналастырылған. Бұдан басқа, Комитеттің жаңалықтары әлеуметтік желілерде жарияланады. Комитеттің Facebook, Twitter, Youtube-тағы ресми аккаунттарына сілтемелер Комитеттің Интернет-ресурсының басты бетінде орналастырылған.

Интернет-ресурс 3 тілде (мемлекеттік, орыс және ағылшын) жұмыс істейді және пайдаланушыларға ақпаратты әртүрлі түрде (кестелік, графикалық) және (\*.xls, \*.pdf, \*.doc сияқты) форматтарда ұсынады.

«Талдау» АТЖ барлық пайдаланушыларға статистикалық ақпаратты таратудың маңызды арнасы болып табылады.

«Талдау» АТЖ-ға негізгі сілтеме Интернет-ресурстың басты бетінде орналастырылған. Пайдаланушы «Талдау» АТЖ-ға [taldau.stat.kz](http://taldau.stat.kz) мекенжайы бойынша не аумақтық статистика органдарының әрбір Интернет-ресурстарында жарияланған сілтемелер арқылы да көше алады.

«Талдау» АТЖ-ны іске асырудың мақсаты халыққа, мемлекеттік органдарға, кәсіпорындарға және ұйымдарға қолайлы интерактивті режимде барлық өзекті статистикалық және талдамалық ақпаратты ұсыну болып табылады.

Осы жүйе пайдаланушыларға статистикалық ақпаратты кестелік, графикалық және географиялық түрде алуға және осы ақпараттың негізінде талдау жасауға мүмкіндік береді.

«Талдау» АТЖ-да басты бетте «ҚР бойынша негізгі көрсеткіштер» берілген. Статистикалық ақпаратты негізгі сөз және көрсеткіштер каталогы бойынша іздеу мүмкіндігі бар. Пайдаланушылар үшін статистикалық ақпаратты іздеу уақыты қысқартылады. Әрбір көрсеткіш бойынша деректерді пайдаланушының компьютеріне экспорттауға болады. Пайдаланушы деректердің көрсетілуін өзінің қалауы бойынша бар жіктелімдер, кезеңдер және өлшем бірліктері бойынша өзгерте алады.

Пайдаланушыларға «Статистика бөлімдері», «Өңірлер», «Жеке кабинет», «Талдау» және «Конструктор» сияқты модульдерімен жұмыс істеу мүмкіндігі берілген.

Пайдаланушылармен кері байланыс функционалы енгізілген.

Статистикалық ақпаратты түсіну және оңайлату үшін тиісті тақырып бойынша ақпаратты графикалық түрде алуға мүмкіндік беретін инфографика құрылған.

Нәтижесінде Комитеттің Интернет-ресурсы мен «Талдау» АТЖ пайдаланушыларының саны өсті. 2014 жылы Интернет-ресурсқа кіру саны 1988772-ні құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 2,4 есе артық және 2009 жылмен салыстырғанда 16,6 есе артық.

## Статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың сенім деңгейі

Ресми статистикалық ақпаратқа қанағаттанушылық бөлігінде қоғамдық пікірді зерделеу мақсатында 2014 жылдың 2-ші жартыжылдығында пайдаланушыларға пікіртерім жүргізілді. Сұралғандардың арасында 46,8% - мемлекеттік мекемелердің өкілдері, 18,6% - бизнес-құрылымдар өкілдері, 15,8% - оқу мекемелерінің өкілдері, 18,8%- пайдаланушылардың басқа санаттары, бұл Қазақстан Республикасындағы ресми статистикалық ақпаратты негізгі пайдаланушылардың құрылымына сәйкес келеді.

Пікіртерім деректері бойынша сұралғандардың жалпы санынан көп бөлігі жарияланатын ақпарат көлеміне қанағаттанады. Пікіртерімге қатысушылардың 70,5% осылай жауап берді. Негізінен ақпаратты беру нысанына қанағаттанған пайдаланушылардың үлес салмағы 2014 жылы 58,4% құрады. Пайдаланушылар ақпаратты алудың ең қолайлы әдісі Интернет-ресурстағы статистика органдарының сайттары деп есептейді, 61,3% осылай жауап берді; электрондық тарату бойынша – 30,8%; қағаз тасығышта – 19,7%.

Пікіртерімге қатысушылар Комитеттің жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар берді. Бұл сайттың жұмысын жетілдіру, статистикалық ақпаратты электрондық таратуымен ұсыну, өңірлер бөлінісінде ақпарат көлемін, көрсеткіштерді ұлғайту және тағы басқалар.

Сұралғандардың 81,4% Интернет-ресурсты қолданады. Пікіртерімге қатысқандардың 79,7% сайтта қажет ақпарат бар деп санайды.

Пайдаланушылардың 82,2% мемлекеттік статистика деректеріне сенімділіктің жоғарғы деңгейін белгіледі (75% жоғары).

## 5. ТІРКЕЛІМДЕР ЖҮЙЕСІ

### Халықтың статистикалық тіркелімі

«ҚАЗСТАТ» жобасының шеңберінде «Оқушылар мен студенттер тізілімін құру» тақырыбы бойынша Германияның статистикалық офисіне оқу сапары ұйымдастырылды. Осы оқу сапарына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (ҚР БФМ) қызметкерлері қатысты. Сонымен қатар оқушылар бойынша ақпаратты қалыптастыру үшін «Оқушылар тіркелімінен іріктемелі жиынтық қалыптастыру және білім беру ұйымдарына пікіртерім жүргізу» тақырыбы бойынша Түркияға оқу сапары ұйымдастырылды. Қыркүйек айында «Халықтың статистикалық тіркелімі деректерін қолданумен талдамалық жұмыс кестелерін әзірлеу бойынша қызметтер» тақырыбына халықаралық сарапшылардың консультациялық миссиясы өткізілді.

Осы іс-шаралардың нәтижесінде ҚР БФМ-мен ақпараттық өзара іс-қимыл қағидасы қайта қаралды, «Болашақ» халықаралық стипендиясының түлектері бойынша ақпаратты беру (Болашақ АЖ) көзделді.

Бұдан басқа «Мекенжай тіркелімі» Мемлекеттік деректер қорын басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау бойынша іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ай сайын ХСТ АЖ-дан Қазақстанда туылған балалардың (ұлдар мен қыздар) ең жиі кездесетін есімдері бойынша ақпарат қалыптастырылады және Интернет-порталда орналастырылады.

Мемлекеттік органдармен, атап айтқанда ішкі істер, әділет, білім және ғылым, денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрліктерімен және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен олардың АЖ ХСТ АЖ-мен интеграциялау бойынша жұмыс жалғастырылуда.

### Тұрғын үй қоры тіркелімі

2014 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» Мемлекеттік деректер қоры (бұдан әрі – ЖМТ МДҚ) мен Комитеттің «Е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің компоненті «Тұрғын үй қоры статистикалық тіркелімі» ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ТҚСТ АЖ) ақпараттық өзара іс-қимылының тәртібі туралы бірлескен бұйрық бекітілді. 2014 жылғы 3 шілдеден бастап ТҚСТ АЖ мен ЖМТ МДҚ он-лайн өзара іс-қимылы іске қосылды.

Дүниежүзілік Банкімен жобаны іске асыру шеңберінде «Тұрғын үй қоры тіркелімін жүргізуді жетілдіру» тақырыбында Комитет қызметкерлері шет елде оқытудан өтті, сонымен қатар халықаралық сарапшылардың ТҚСТ АЖ бойынша консультациялық миссиясы өткізілді. Іске асырылған іс-шаралардың нәтижелері бойынша ТҚСТ АЖ дамыту бойынша ұсыныстар берілді. 2014 жылы Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімін жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар халықаралық ұсынымдарға сәйкес жетілдірілді және қайта бекітілді.

2014 жылғы 10 қазанда Комитеттің сайтында «Қазақстан Республикасы тұрғын үй қоры туралы» 2013 жылғы жинағы жарияланды және орналастырылды. Сонымен қатар, Комитеттің Интернет-ресурсында ай сайын Қазақстан Республикасы бойынша тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны туралы баспасөз хабарламасы орналастырылады.

### Статистикалық бизнес-тіркелім және статистикалық ауылшаруашылық тіркелімі

Дүниежүзілік Банкімен жобаны іске асыру шеңберінде Комитет қызметкерлері «Кәсіпорын профайлинг» және «Ауылшаруашылық статистикалық тіркелімін өзектендіру үшін әкімшілік

деректерді қолдану. ҚР ауылшаруашылығы министрлігіндегі деректер арқылы мал басы бойынша ақпаратты өзектендіру» тақырыбы бойынша шетелдерде оқытудан өтті, сондай-ақ халықаралық сарапшылардың (Түркия) «Профайлинг әдіснамасын жетілдіру бойынша қызмет» және «Статистика бойынша қызмет (әкімшілік дереккөздермен әрекетті аса тығыз үйлестіру арқылы тіркелімді жандандырудың едәуір тиімді рәсімдерін жетілдіру)» консультациялық миссиясы өткізілді. Осы іс-шараларды нәтижелері бойынша СБТ және АШТ жүргізу бойынша қолданыстағы әдістемелік ұсынымдар қайта қаралды.

«е-Статистика» ИАЖ жобасын іске асыру шеңберінде Комитет бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеп, барлық ауылдық округтердің, кенттердің, және ауылдардың әкімдіктерінде енгізді, бұл ауылдық округ әкімдеріне электронды түрде әр шаруашылық бойынша есепке алу кітаптарын жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл жұмыс, жалпылай алғанда, ауыл шаруашылық және ауылдық статистика сапасын көтеруге бағытталды.

## Зерттелетін бірліктердің іріктемелі жиынтығын қалыптастыру

2014 жылға арналған Статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес әртүрлі статистикалық байқаулар бойынша 20 іріктеме дизайны қалыптастырылды.

Мүгедектердің өмір сапасына (МӨС-001) зерттеу жүргізу үшін Комитет Халықтың статистикалық тіркелімі деректер қоры негізінде іріктемелі зерттеу жүргізу үшін іріктемелі жиынтық қалыптастырды.

Комитет қызметкерлері АҚШ-тан келген Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мамандарымен бірлесіп Қазақстанда Ересек тұрғындарға темекіні тұтыну туралы ауқымды сауалнамасын (GATS) өткізу үшін іріктеме дизайнын қалыптастырды.

Қазақстан Республикасының шағын және моно-қалаларында зерттеу жүргізу үшін алдын ала қажетті іріктеме көлемі есептелді.

«ҚАЗСТАТ» жобасы шеңберінде халықаралық сарапшылардың ұсынымдарын ескере отырып «Ауыл шаруашылығы іріктемесінің дизайнын қалыптастыру бойынша әдіснамалық ұсынымдар» қайта қаралып бекітілді. Сонымен қатар іріктемелі жиынтықты қалыптастыру сапасын арттыру бойынша жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде.

## 6. КАДР ӘЛЕУЕТІ

Комитеттің жалпы штат саны 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2847 қызметкерді құрайды.

Комитеттің орталық аппаратында жұмыс істейтін әйелдердің жалпы саны 203 адамды құрады, олардың жұмыс істейтіндердің жалпы санынан үлес салмағы 76%. Комитет мемлекеттік қызметшілерінің орташа жас мөлшері 32 жасты құрайды.

Неғұрлым үлкен үлес салмақты (53,6%) 30 жасқа дейінгі қызметкерлер құрайды, неғұрлым төмен (6,7%) 51 жас және одан үлкендер.

Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілер 266 адам немесе жалпы санынан 99,6%. 190 қызметкердің жоғары экономикалық білімі бар, немесе 71,2%, олардың ішінде 1 адамның ғылыми дәрежесі бар, 109 адамның немесе 40,8% біреуден көп жоғары білімі бар.

Ұлттық құрамы бойынша Комитеттің мемлекеттік қызметшілері былай бөлінеді:

қазақтар – 251 адам (94%);

орыстар – 12 адам (4,5%);

басқалар – 4 адам (1,5%), оның ішінде: татарлар – 2, қырғыздар – 1, дұңғандар - 1.

Қызметкерлердің мемлекеттік қызметінің орташа өтілі 9 жылды құрайды, оның ішінде:

бір жылға дейін – 6 адам (2,2%);

1-ден 5 жылға дейін – 84 адам (31,5%);  
5-тен 10 жылға дейін - 88 адам (32,9%);  
10-тен 15 жылға дейін - 41 адам (15,4%);  
15-тен 20 жылға дейін – 23 адам (8,6%);  
20 жылдан астам - 25 адам (9,4%).

Комитет қызметкерлерінің атқаратын лауазымдағы орташа өтілі 2,1 жылды құрайды, оның ішінде:

біржылға дейін – 111 адам (41,6%);  
1-ден 5 жылға дейін – 127 адам (47,5%).  
5 жылдан жоғары – 29 адам (10,9%).

Қазіргі уақытта Комитетте Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын бітірген 11 қызметкер және «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқытудан өткен 5 қызметкер жұмыс істейді.

Қайта даярлау, біліктілікті арттыру курстарында оқытудан орталық аппараттың 67 қызметкері өтті.

## 7. САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Комитетте сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі - СМЖ) 2008 жылы енгізіліп, сәйкестікті растаудың халықаралық (2011) және ұлттық (2008) органдарымен сертификатталған.

2014 жылы Комитет ҚР СТ ИСО 9001-2009 ұлттық стандартының және ISO 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін СМЖ кезекті қайта сертификаттауды табысты өткізді. Тиісті ұлттық және халықаралық үлгідегі сертификаттар алынды.

2014 жылы 12 аумақтық орган СМЖ-нің ҚР СТ ИСО 9001-2009 ұлттық стандартының талаптарына сәйкестігін растады; 4 аумақтық статистика органы СМЖ қайта сертификаттаудан өтті.

2014 жылы Комитетте ISO стандартының талаптарына сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. Комитетке жаңадан қабылданған қызметкерлерге статистикадағы сапа бойынша оқыту өткізілді. Сонымен қатар, 8 орталық аппараттың өкілдері және 42 аумақтық статистика органдарының өкілдері СМЖ-нің ішкі аудиторлар бойынша оқытудан өтті. Жыл бойы СМЖ-нің ішкі аудиттері өткізілді, тұтынушыларға пікіртерім жүргізілді, статистикалық қызмет үдерістеріне, сапа саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге талдау мен мониторинг жасалды. Сыртқы аудиторлардың аудит өткізуіне дайындық жүргізу үшін іс-шаралар жүзеге асырылды.

Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес 2014 жылы алғашқы статистикалық деректерді ұсынатын респонденттерге және статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға пікіртерім жүргізілді. Сондай-ақ, «ҚАЗСТАТ» жобасының шеңберінде Қазақстанның қоғамдық пікіріне зерттеу жүргізетін тәуелсіз ұйым статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың қанағаттанушылық деңгейіне зерттеу өткізді. Пікіртерімге жауап бергендер Қазақстанның Статистика офисінің жұмысын жоғары бағалады. Кезекті ұқсас сауалнаманы жоба қорытындысы бойынша өткізу жоспарланған.

## 8. СТАТИСТИКА САЛАСЫНДА НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы Жарлығына сәйкес Қазақстан Республи-



касы Статистика агенттігінің функциялары мен өкілеттіктері бұдан әрі Агенттікті тарату арқылы жаңадан құрылған Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне берілді.

2014 жылғы 15 тамыздан «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 933 қаулысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті ұйымдастырылған болатын.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар негізінде, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № 898 және «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органының жауапты хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 372 Жарлықтарына сәйкес:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі құзыреті шегінде Статистика комитетімен бірлесіп «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережені» әзірледі, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген.

2) «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті туралы ереже» Статистика комитетімен әзірленіп, ҚР ҰЭМ министрінің бұйрығымен бекітілді, ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 3 қазанда № 9779 болып тіркелді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V Заңымен «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2015 жылғы 1 қаңтардан «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 235-V Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілді.

Кодекстің 719-бабына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 497, 499, 500, 501, 502, 503-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары құқылы.

## 9. «ҚАЗСТАТ: ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА ЖҮЙЕСІН НЫҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОБА» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Жобаны іске асыру үлесі оның басталған күннен бастап 55% құрады. Жобаның аяқталу сәтіне Комитет келесі нәтижелерге қол жеткізуді күтуде: пайдаланушылардың статистикалық деректер сапасына қанағаттанушылық деңгейін 80%-дан арттыру, тиісті медиа-ресурстардағы статистикалық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету, ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың Комитеттің Интернет-ресурсына кіру деңгейін арттыру, ірі кәсіпорындар ұсынатын есептің орташа санын 15%-ға дейін төмендету, алғашқы статистикалық деректердің нысандарын толтыруға кететін уақытты 15%-ға қысқарту, статистикалық ақпаратты жинау, құрастыру және дәйетілігін тексеру бөлігінде халықаралық қабылданған 70-тен аса статистикалық әдістемелерді енгізу.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы 2014 жылғы 8 тамыздағы Қарыз туралы келісімге сәйкес Польша сарапшысы Джозеф

Оленский мырзаның қатысуымен Жобаны іске асыру барысына орта мерзімді шолу аяқталды. Ол жұмыс нәтижелері бойынша Жобаны іске асырудың ағымдағы жағдайын бағалап, сонымен қатар Жобаның бағыттары мен іс-шараларында түзетулер мен нақтылаулар туралы ұсынымдарды ұсынды. Осы шолудың қорытындылары бойынша есеп Комитеттің Интернет-порталында жарияланды.

Халықаралық сарапшының пікірі бойынша «ҚАЗСТАТ» жобасы 2012 жылдан бастап сәтті іске асырылып келеді. Жобалық құжатта көрсетілген барлық күтілген нәтижелерге қол жеткізілді. Жобаны ұйымдастыру мен басқару Банктің ережелері мен процедураларына сай іске асырылып келеді. Бұл саладағы Комитеттің тәжірибесі өзге жобалар үшін «үздік тәжірибе» ретінде ұсынылуға тұрарлық...»

Жоба Қазақстан Республикасының статистика жүйесін қалыптастыратын мемлекеттік органдармен бірлесіп іске асырылуда, бүгінде бұл Жобаға қызығушылық танытып, халықаралық сарапшылардың қатысуымен іс-шараға көптеп қатыстырылып келеді.

2014 жылы Жобаны іске асыруға қатысты мәселерді шешу бойынша келісе отырып шешуді қамтамасыз ету мақсатында «ҚАЗСТАТ» Жобасының Ведомствоаралық үйлестіру жұмыс тобының 2 отырысы өткізілді.

Жалпы, 2014 жылы Комитетке 54 консультациялық миссиямен 66 халықаралық консультант келді. Комитеттің, аумақтық статистика органдарының және орталық мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін 18 оқыту ұйымдастырылды. Жаңа дағдыларды алу мақсатында Комитеттің, ведомствоға бағынышты ұйымдардың және аумақтық статистика органдарының 194 қызметкері шетелде 53 оқыту іс-шараларының шеңберінде Консуорциум елдерінің статистикалық офистеріне барды.

2014 жылы Жоба шеңберінде халықаралық сарапшылардың ұсынымдарын ескеріп, жаңа 5 әдістеме әзірленді және қолданыстағы 8 әдістеме қайта қаралды.

## 10. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2014 жылы Комитет халықаралық ұйымдар және ұлттық статистикалық қызметтермен ынтымақтастық негізінде Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін жетілдіру бойынша жұмысын жалғастырды. Есептік кезеңде ТМД Статистикалық комитеті, Еуразиялық экономикалық комиссия, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) және бірқатар басқа да серіктестермен ынтымақтастықтың әртүрлі бағыттары бойынша өзара қарым-қатынасты жүзеге асырды.

Есепті жылы Комитет мамандары статистикалық қызметтің түрлі салалары, соның ішінде көші-қон, қоршаған орта, өндіріс, ауылшаруашылығы, сауда, туризм, энергетика статистикасы, әлеуметтік және демографиялық статистика, ұлттық шоттар, тіркелімдер саласында сапаны басқару және ақпараттық технологиялар және басқа да бағыттар бойынша халықаралық семинарлар, кеңестер мен курстарға қатысты.

ЭЫДҰ-мен ынтымақтастықты кеңейту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. 2014 жылдың сәуір айында Комитет пен ЭЫДҰ арасында Статистика саласындағы ниеттері туралы хатқа қол қойылды. Бұдан басқа, 2015-2017 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ арасындағы ынтымақтастықтың Елдік бағдарламасына «Статистика» бөлімі енгізілді.

Аталған құжаттар болашақтағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындайды. Аталған ынтымақтастық шеңберінде, Комитет ұлттық шоттар және қаржы статистикасы, экологиялық-экономикалық есеп және қоршаған орта бойынша ЭЫДҰ жұмыс тобының отырыстарына қатысты.

Сонымен қатар, 2014 жылы сәуірде Еуразиялық экономикалық комиссиямен бірлескен Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының жанындағы Статистика бойынша консультативтік комитеттің төртінші отырысы өткізілді.

2014 жылғы шілде айында Азия және Тынық мұхиты елдеріне арналған Экономикалық және Әлеуметтік комиссиясымен бірлескен «ЖІӨ есебіне тікелей әсері, 2008 ҰШЖ-ға өзгерістер» атты субөңірлік оқыту семинары өткізілді.

Тамыз және қыркүйек айларында Ислам ынтымақтастық ұйымымен ынтымақтастық шеңберінде Түркия статистикалық офисі сарапшыларының қатысуымен кәсіпорындарды тексеру бойынша семинар және ғылым, технологиялар мен инновациялар статистикасы бойынша семинар өткізілді.

3-4 желтоқсанда Астана қаласында ЭЫДҰ қатысушы елдері сарапшыларының қатысуымен өткен иелері тұратын үйді есептеу атты халықаралық семинарының өткізілуі 2014 жылдың қорытынды іс-шарасы болып табылды.

## 11. ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының статистика жүйесін одан әрі дамыту Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары (бұдан әрі – Стратегиялық жоспар) шеңберінде өткізілетін болады.

Стратегиялық жоспарға сәйкес 2015 жылы ҰШЖ 2008 енгізу бойынша жұмысты жалғастыру жоспарланған.

Сонымен қатар, 2015 жылы 16 жаңа әдістемелік материалды енгізу және 14 әдістемелік материалды қайта қарау, 3 жаңа байқау және 11 жаңа көрсеткіш енгізу жоспарлануда.

«ҚАЗСТАТ» жобасын іске асыру шеңберінде келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілетін болады:

- халықаралық стандарттарды ескере отырып, салаларды дамытудың мемлекеттік саясатына сәйкес статистика салаларын жетілдіру;

- персоналды басқарудың ең үздік қағидаттары негізінде кадр әлеуетінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету;

- халықаралық тәжірибені ескере отырып, пайдаланушылардың мемлекеттік статистикалық ақпаратқа сенім деңгейін арттыру;

- респонденттерге жүктемені төмендету әдістерін жетілдіру.

Комитет «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға енгізді және 2015 жылдан бастап келесі іс-шараларды іске асыру арқылы оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізетін болады:

- статистикалық нысандарды электронды форматта жүргізу;

- деректермен алмасу және олардың сапасын арттыру мақсатында электронды өзара іс-қимылды іске асыру және басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау бойынша жұмыстар жүргізу.

Бұдан басқа, ресми статистикалық ақпараттың ашықтығы мен жалпыға қолжетімділігіне бағытталған 20 іс-шара өткізу жоспарлануда, бұл мемлекеттік статистика мәселелері бойынша Комитет төрағасының қатысуымен брифингтер, Интернет-конференциялар және ашық есік күндері, семинарлар.